

**Аягөз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың қалыптасу, жинақталу нормаларын және коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму, кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 шілдедегі N 18/123-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 тамызда N 3030 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсанадағы N 43/315-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 25.12.2015 N 43/315-V шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1370 " Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Аягөз ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың қалыптасу және жинақталу нормасы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аягөз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелер үшін осы шешімнің 2 қосымшасы 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Т. Бозтаев
Мәслихат хатшысы	Т. Бозтаев

## Аягөз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың қалыптасу және жинақталу нормасы

Р/ С №	Коммуналдық қалдықтардың қалыптасу көздері (типологиялық топ)	(Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,895
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,7
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,65
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	4
6	Емханалар	1 адам	0,05
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,6
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,34
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 тағам	2,2
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,43
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,43
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,03
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м <sup>2</sup>	0,21
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,54
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,86
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,2
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,2
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,3
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,27
		Жалпы алаңы	

22	Жағажайлар	1 м <sup>2</sup>	0,23
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,63
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,41
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	4
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,24
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	9,5
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,3
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,3
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,2
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,35
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	12
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,2

2 қосымша  
Аягөз аудандық мәслихатының  
2013 жылғы 24 шілдедегі  
№ 18/123-V шешімімен  
бекітілген

## **Аягөз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері**

Көрсеткіштері	Сомасы (теңге)
1 м <sup>3</sup> қатты тұрмыстық қалдық шығару үшін заңды тұлғаларға	950
қатты тұрмыс қалдықтарды шығару үшін айына бір адамнан	150